

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істейді. 2008 жылғы қараша айында зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметтеріне берілетін лицензия заңды тұлғаларға берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 9 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиан қызметін жүзеге асырды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызмет көрсетуді мынадай 7 екінші деңгейдегі банк жүзеге асырды: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ-ның еншілес банкі «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республикамыздың экономикамен айналысып отырған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны тұрақты түрде өсіп отыр.

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 9 565 955 болды, жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1 373,4 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларындағы міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны (3,71 %) өсіп, 342 243-ке жетті, оның ішінде қараша айы ішінде 28 685 (0,30 %) болды.

2008 жылғы 1 желтоқсанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының едәуір бөлігі 4 қорға жинақталды: «МЖЗҚ» - 25,13 %, «Қазақстан Халық Банкінің» - 21,97 %, «ҰларҮміт» – 14,54 % және «БТА Қазақстан» - 10,30 % немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,94 % келеді. Ағымдағы жылдың қараша айында 4 қордың үлесі осының алдындағы есепті аймен салыстырғанда 0,03 пайыздық тармаққа төмендеді.

2008 жылғы 1 желтоқсанда ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны жалпы сомасы 953,2 млн. теңге болатын жинақталған зейнетақы қаражатымен бірге 41 624 болды. Ағымдағы жылдың басынан бастап ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 720 (1,76%) артып, оның ішінде қараша айы ішінде 34 (0,08 %) болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар барлық қорларда болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айлары ішінде 186 (4,83%) артып, 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 034 болды, жалпы сомасы 54,8 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаты бар. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар үш қорда болды: «ҰларҮміт», «БТА Қазақстан» және «Қазақстан Халық Банкінің».

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

2008 жылғы 1 желтоқсанда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 378,4 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 желтоқсан айымен салыстырғанда 213,8 млрд. теңгеге (18,36 %-ға) өсті. Ағымдағы жылдың қараша айында жинақталған зейнетақы қаражаты 34,7 млрд. теңгеге (2,58 %-ға) өсті.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі қараша айында 23,3 млрд. теңгеге (2,06 %-ға) өсе отырып, 2008 жылғы 1 желтоқсанда 1 156,9 млрд. теңге болды. Зейнетақы

жарналарының орташа ай сайынғы түсімі 2007 жылғы қаңтар-қараша айларында 18,6 млрд.теңге, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларында олар 22,3 млрд.теңгеге немесе 19,89 %-ға өсті.

Салымшылар мен алушылардың шоттарына есептелген зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды алып тастағанда) ағымдағы жылдың қараша айында 13,6 млрд. теңгеге (4,91 %-ға) өсіп, 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 290,4 млрд. теңге болды.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2008 жылғы қаңтар-қараша айларында мынандай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	(млрд. теңге)			
	1.01.08	1.12.08	Өсім сомасы	Өсім қарқыны (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	1 208,1	1 378,4	170,3	14,10
Зейнетақы жарналары	912,1	1 156,9	244,8	26,84
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	290,4	- 48,9	- 14,41
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,09%	21,07%		7,02 пайыздық тармаққа (төмендеу)

Келтірілген кестеден көрініп тұрғандай, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айлары ішінде жинақталған зейнетақы қаражатының өсім сомасы 170,3 млрд. теңге болды немесе жинақталған зейнетақы қаражатының орташа ай сайынғы өсімі өткен жылдың тиісті кезеңінде 23,17 млрд. теңге бола отырып немесе 33,19 %-ға төмендеп, 15,48 млрд.теңге болды.

2008 жылғы 1 желтоқсанда жинақталған зейнетақы қаражатының мейлінше көп сомасын 4 қор иеленді: «Қазақстан Халық Банкінің» - 394,5 млрд. теңге (28,62 %), «МЖЗҚ» – 238,9 млрд. теңге (17,33 %), «ҰларҮміт» - 194,0 млрд.теңге (14,07 %) және «БТА Қазақстан» - 173,3 млрд.теңге (12,57 %) барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен немесе жиынтығынан осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,59 %-ы келді. Ағымдағы жылдың қараша айында үлес мөлшері 0,04 пайыздық тармаққа өсті.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 9,3 млрд. теңге болған немесе оның осының алдындағы есепті аймен салыстырғанда 2,20 %-ға өсуіне байланысты міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны не аударым жасамағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға ауыстырғаны үшін өсімпұл сомасы күннен күнге артып отыр.

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударым жасалатын аударымдар мен зейнетақы төлемдері 89,5 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 қарашасымен салыстырғанда 2,1 млрд.теңгеге (2,40 %-ға) өсті. 2008 жылғы қаңтар-қараша айларында қорлар алушыларға жалпы сомасы 26,4 млрд. теңге зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңде жүзеге асырылған 14,0 млрд. теңге зейнетақы төлемдерінен 1,9 есеге артық.

Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аударым жасауын 2008 жылғы қаңтар-қараша айларында жалпы сомасы 277,3 млн. теңге мөлшерінде 272 алушы жүзеге асырды. Сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес аударым жасалған жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 2008 жылғы 1 желтоқсанда 422,0 млн. теңгені құрады.

Агенттік сайтында жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпараттарды орналастыру, сондай-ақ қорлардың бұқаралық ақпарат құралдарында өз ақпараттарын жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау бойынша зейнетақы заңнамасымен берілген құқығын пайдалануларына мүмкіндік береді.


2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау қараша айында 10,9 млрд. теңгеге (3,64 %-ға) өсіп, 310,1 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары 100,3 млрд.теңгеге немесе 47,81 %-ға өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың қараша айы ішінде 37,4 млрд. теңгеге немесе 2,81 %-ға өсіп, 1 368,6 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2008 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 16,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкінің» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	394 762	28,85
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	239 265	17,48
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	207 198	15,14
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	184 804	13,50
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 394	1,64
«ТұранӘлем Банк» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	173 116	12,65
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	77 513	5,66
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	77 513	5,66
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	50 981	3,73
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ ("Еуразиялық Банк" АҚ ЕҰ)	45 428	3,32
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	40 167	2,93
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	38 080	2,78
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	34 885	2,55
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	34 885	2,55
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 932	2,26
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 740	2,03
"RESMI Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	8 518	0,62
"Жинақтаушы зейнетақы "РЕСПУБЛИКА" АҚ	8 518	0,62
Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы	1 368 588	100

2008 жылғы 1 желтоқсанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың қараша айында 39,8 млрд. теңгеге немесе 3,05 %-ға өсе отырып, 1 346,7 млрд. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.12.2008ж.	
	млн. теңге	%

ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	393 580	29,22
ҚР еурооблигациялары	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	325 411	24,16
Ұлттық Банктің ноттары	68 169	5,06
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	136 743	10,15
акциялар	32 118	2,38
облигациялар	104 625	7,77
Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	13 743	1,02
Тазартылған алтын	32 369	2,40
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	621 343	46,14
акциялар	127 497	9,47
облигациялар оның ішінде:	493 846	36,67
шетел валютасында номинирленген	27 698	2,06
теңгеде номинирленген	466 148	34,61
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	144 323	10,72
Туынды бағалы қағаздар	4 648	0,35
Жиынтығы	1 346 749	100

Келтірілген деректерден көрініп отырғандай, инвестициялық портфельдегі мейлінше көп үлес жалпы үлесі 75,36 %-ды құраған Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары мен мемлекеттік бағалы қағаздар үлесіне тиіп отыр.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірісінің орташа мөлшерленген коэффициенті мынадай болды:

- 2003 жылғы қараша – 2008 жылғы қараша кезеңінде - 36,18 %. Номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициенті – 29,77 % (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,76 %);

- 2005 жылғы қараша – 2008 жылғы қараша кезеңінде - 23,05 % (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 41,76 %);

- 2007 жылғы қараша – 2008 жылғы қараша кезеңінде - (-0,21) % (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 11,30 %).

По состоянию на 1 декабря 2008 года средневзвешенные коэффициенты номинального дохода по пенсионным активам накопительных пенсионных фондов составили:


Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі осының алдындағы аймен салыстырғанда ағымдағы жылдың 1 желтоқсанында мынадай көрініске ие болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 1,42 пайыздық тармаққа төмендеді;

- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 1,44 пайыздық тармаққа төмендеді;

- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 1,22 пайыздық тармаққа төмендеді.

Қорлардың зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициенттерінің ара қатынасы



Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 25,8 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капиталы 16,0 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 62,02 %-ы болды. 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша активтердің жалпы сомасы ағымдағы жылдың 1 қарашасымен салыстырғанда 2,8 млрд. теңгеге (6,57 %-ға) өсіп, 45,4 млрд. теңгені құрады.

2008 жылғы қаңтар-қараша айлары ішінде 14 қордың 6-сы жалпы сомасы 3,11 млрд. теңге пайда алды (табыс салығын төлеген соң) және 8 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Қазақстан Халық Банкінің» ЖЗҚ АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ, «Қазақмыс», «Қорғау», «ГРАНТУМ», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 11,92 млрд. теңге шығынға жол берді. Жалпы ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айлары ішінде жалпы сомасы 8,81 млрд. теңге шығын шықты.

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтері есебінен болатын қаржылық инвестициялар 33,4 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық капиталының 73,57 %-ы болды.

Қорлардың меншікті активтерінің 49,29 %-ы мемлекеттік бағалы қағаздарға, 33,62 %-ы Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, 0,28 %-ы халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына, 6,96 %-ы «Кері РЕПО» операцияларына инвестицияланды, ал инвестицияларының жалпы көлемінен 8,50 %-ы екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға, 1,27 %-ы шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, сондай-ақ 0,09 %-ы инвестициялық қорлардың пайларына орналастырылды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.12.08
ЖІӨ млрд. теңге (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	9,16
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	7,69
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	1,93

Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,17
--	------	------	------	------	------	------
